

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 15 наурыздағы № 64 қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 10/108-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 сәуірде № 4984 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының кейбір көшелері:
Дальняя көшесі Зәкария Белібаев көшесі;
Интернациональная көшесі Қайым Мұхамедханов көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешім мен қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия
төрағасы
Облыстық мәслихат
хатшысы*

*Облыс
А. Цораев әкімі Д. Ахметов

В. Головатюк*